

КЕЛІСЕМІН
БҚО прокуратурасының басқарма
бастығы
ЕГИЗБАЕВ К.К.
2023 жыл 19 мамыр

ҚАУЛЫ
күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы

Орал қаласы

2023 жыл 19 мамыр

БҚО ПД ЖТт тергеушісі полиция майоры Жусупкалиев Т.К.,
№222700031000047 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын карап,

АНЫҚТАДЫМ:

Башанов Жандарбек Амангельдиевич – 28.09.1970ж.т., Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Қисық қамыс ауылының тумасы, экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар ұйымның қызметіне белсене қатысып, басқару тәртібіне қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылықты келесі мән-жайларда жасаған.

Атап айтқанда, 20.04.2017ж. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (бұдан әрі – «ҚДТ») деген қозғалыс пайда болып, бұл ұйым қоғамдық бірлестік ретінде әділет органдарында тіркелмеген.

«ҚДТ» ұйымы Қазақстанда ең танымал «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерін, «Telegram», «Viber» мессенджерлерін, «Youtube» бейнехостингін пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік билігін күштеп құлатумен байланысты экстремисттік мәліметтерді кеңінен таратып, осы іске шақырған.

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 13.03.2018ж. шешімімен «ҚДТ» тіркелмеген қозғалыс экстремистік ұйым деп танылып, оның Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында, соның ішінде ғаламтор желісіндегі қазақстандық желідегі интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникациялар желісінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және бейнехостингтерде кез келген қызметін іске асыруға, сондай-ақ ақпараттық материалдар арқылы таралуына тыйым салынды.

Соттың шешімімен «ҚДТ» экстремистік ұйым деп танылғаннан кейін оның көшбасшылары, соның ішінде М.Аблязов өзінің экстремистік мақсаттағы, билікті зорлықпен құлатуды насихаттау, конституциялық құрылымды бұзу, әлеуметтік араздық тудыруға бағытталған өзінің құқыққа қайшы әрекеттерін одан әрі жалғастыру мақсатында «ҚДТ» ұйымының атауын «Көше партиясы» деп өзгертіп, өзінің экстремистік қызметін жалғастыруда.

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 19.05.2020ж. шешімімен «ҚДТ» экстремистік ұйымы өзінің атауын Қазақстанның барлық аумақтарында «Көше партиясы» деп өзгерту фактісі анықталған.

2019-2023 жылдары кезеңінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы аумағында Ж.А. Башанов, тіркелмеген «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының қызметіне қатысу мақсатында, осы ұйымдар экстремизмді іске асырғаны үшін оның қызметіне тыйым салу туралы сот шешімі шығарылып, заңды күшіне енгенін әрі өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екенін біле тұра, аталған ұйымдардың заңсыз қызметіне, тергеумен анықталмаған адамдардың тобымен алдын ала сөз байласып, қатысқан.

Атап айтқанда, 2019 жылғы қазанда тіркелмеген «ҚДТ» ұйымының қызметін қолдау мақсатында Ж.А. Башанов осы ұйымының белсенділерімен «Telegram» әлеуметтік желісінде ашылған «ҚДТ активист» тобына қосылып, оның белсенді қатысушысы болған.

Одан әрі, 2022 жылғы қаңтарда «қаңтар оқиғалары» барысында Ж.А. Башанов Орал қаласы, Назарбаев даңғылының бойында орналасқан «Абай» атындағы алаңға экстремистік ұйымның белсенді қолдаушылары М.Ескендірова, А.Уразбаев және тағы басқалармен бірге наразылық акциясына қатысып, ол жерде «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының көшбасшысы М.Аблязовтің экстремистік идеяларын қолдаған.

Ж.А. Башанов тіркелмеген «ҚДТ» ұйымының қызметін қолдау мақсатында 2022 жылдың қараша айынан бастап осы ұйымының белсенділерімен «Telegram» әлеуметтік желінде ашылған «ҚДТ активист» тобында өзінің белсенділігін одан әрі арттырып, халықты жаппай наразылыққа шақырған.

Мұнымен шектелмей, Ж.А. Башанов 2023 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы аумағында, тіркелмеген «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының қызметіне қатысу мақсатында, осы ұйымдар экстремизмді іске асырғаны үшін оның қызметіне тыйым салу туралы сот шешімі шығарылып, заңды күшіне енгенін әрі өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екенін біле тұра, аталған ұйымдардың заңсыз қызметіне, тергеумен анықталмаған адамдардың тобымен алдын ала сөз байласып, қатысқан.

Ж.А. Башанов «ҚДТ» және «Көше партиясы» жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыру, әлеуметтік қатығыстарды арандату, билікті басып алу арқылы елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған экстремистік мақсатты ұстанатынынан хабардар бола тұра, оған қатысты қабылданған профилактикалық шараларға қасақана ден қоймай, өзінің әрекетінің қылмыстық сипатта екенін саналы түрде біле тұра, экстремистік қызметін одан әрі жүзеге асыруды жалғастырған.

Осылайша, Ж.А. Башанов өзінің экстремистік идеяларымен «ҚДТ» және «Көше партиясы» экстремистік қызметін жүргізудің заңсыз әдістерін таратып, өзінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасына экстремистік сипаттағы ұйымға шақыратын мәліметтерді жазбаша түрде және көрнекі акпарат түрінде (посттар, мақалалар, фото және бейне материалдар) жиі орналастырып отырды.

Сонымен қатар, Ж.А. Башанов осы ұйымдардың және оның көшбасшысы М.Аблязовтің экстремистік бағыттағы идеялары мен көзқарастарын қолдап, азаматтарды санкцияланбаған митингтерге және әр түрлі наразылық акцияларына қатысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік билігінің заңды талабына азаматтарды бағынбауға шақырған. «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдары мен олардың көшбасшысы М.Аблязов ұйымдастырған заңсыз митингтер мен наразылық акцияларына қатысуға шақырған.

Ж.А. Башанов «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының заңсыз қызметіне белсене қатысып, штабтың және М.Аблязовтің нұсқауларын бұлжытпай орындап, олармен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың саясатын сынап, сөз сөйлеген. М.Аблязовтің экстремистік идеяларын қолдап, белсенділерді бірігуге шақырып, бір-бірін қорғауға үгіттеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, басқа адамдарды «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдастырылған заңсыз митингтерге, наразылық акцияларына қатысуға шақырып, оларға экстремистік қызметін насихаттаған, осылайша адамдарды саясатқа бағынбауға итермелеп, қоғамда наразылық көзқарас қалыптастырған. «Facebook» әлеуметтік желісіндегі паракшасына өзінің «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының заңсыз шараларына қатысу қажеттігі туралы жарияланымдар және бейнежазбалар салып, басқаларды экстремистік қызметке қосылуға үгіттеген.

1) 09.04.2023ж. Ж.А. Башановтың «ҚДТ» ұйымдастырған наразылық акциясына қатысуы:

06.04.2023ж. экстремистік ұйымның көшбасшысы М.Аблязов инстаграм әлеуметтік желісіндегі «ҚДТ» штабының паракшасында қазіргі билікті сынап пост жазған, оны күшпен құлатуға халықты үндеген, осы мақсатта 09.04.2023ж. сағат 13.00-де (Астана уақытымен 14.00 сағатта) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жаппай наразылық акциясын өткізуге шақырып, осы митингті өткізу орны ретінде Орал қаласы бойынша М.Маметова көшесінің бойында орналасқан «Қазақ халқының даңқты қыздары» алаңы деп белгілеген.

Одан әрі «ҚДТ» штабымен дәл белгілеген уақытта және жерде, яғни 09.04.2023ж. сағат 10.40-та Ж.А. Башанов Орал қаласы М.Маметова көшесінің бойында орналасқан «Қазақ халқының даңқты қыздары» алаңының алдына экстремизмді жүзеге асыруына байланысты заңды күшіне енген сот шешімімен қызметіне тыйым салынған «ҚДТ», «Көше партиясы» экстремистік ұйымдармен ұйымдастырылған «Депутаттар сайлауын заңсыз деп тану» деген ұранымен наразылық акциясына қатысу үшін келген.

Өз кезегінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге жұмылдырылған полиция қызметкерлерімен Ж.А. Башанов Маметова көшесі мен Назарбаев даңғылының қиылысында тұрған жерінен Абай полиция бөліміне жеткізілген.

Кейін, Ж.А. Башанов өзінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі паракшасына өзінің «ҚДТ» және «Көше партиясы» ұйымдарының заңсыз әрекеттерін қолдайтындығы туралы бейне жазба салып, басқаларға

экстремистік қызметті насихаттаған, осылайша адамдарды саясатқа бағынбауға итермелеп, қоғамда наразылық көзқарас қалыптастырған.

2) 01.05.2023ж. Ж.А. Башановтың «ҚДТ» ұйымдастырған наразылық акциясына қатысуы:

28.04.2023ж. экстремистік ұйымның көшбасшысы М.Аблязов инстаграм әлеуметтік желісіндегі «ҚДТ» штабының парақшасында қазіргі билікті сынап пост жазып, онда билікті күшпен құлатуға халықты үндеген, осы мақсатта 09.04.2023ж. сағат 13.00-де (Астана уақытымен 14.00 сағатта) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жаппай наразылық акциясын өткізуге шақырып, осы митингті өткізу орны ретінде Орал қаласы бойынша М.Маметова көшесінің бойында орналасқан «Қазақ халқының данқты қыздары» алаңы деп белгілеген.

Одан әрі «ҚДТ» штабымен дәл белгілеген уақытта және жерде, яғни 01.05.2023ж. сағат 14.00-де Ж.А. Башанов Орал қаласы М.Маметова көшесінің бойында орналасқан «Қазақ халқының данқты қыздары» алаңының алдына экстремизмді жүзеге асыруына байланысты заңды күшіне енген сот шешімімен қызметіне тыйым салынған «ҚДТ», «Көше партиясы» экстремистік ұйымдармен ұйымдастырылған «Жанаөзенді қолдаймыз» деген ұранмен наразылық акциясына қатысу үшін келіп, алайда Маметова көшесі мен Назарбаев даңғының қиылысында тұрған жерінен Ж.А. Башанов қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге жұмылдырылған полиция қызметкерлерімен Орал қаласы ПБ-на жеткізілген.

Сонымен қатар, Ж.А. Башанов «ҚДТ», «Көше партиясы» экстремистік ұйымдарының заңсыз қызметіне қатысуы нәтижесі бойынша 17.05.2023ж. «Facebook» әлеуметтік желісіндегі өзінің парақшасына бейне жазба жариялап, онда тыйым салынған «ҚДТ», «Көше партиясы» экстремистік ұйымдарын және оның көшбасшысы М.Аблязовты қолдайтындығы туралы пікірін ашық жариялаған. Бұл постты бірнеше оқырман оқып, 6 лайк басып, 8 комментарии жазылып, 2 репост жасалған.

Осылайша, 28.09.1970 ж.т. Башанов Жандарбек Амангельдиевич ұйымға қатысты оның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, оның қызметіне қатысып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 60, 198, 203, 204-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Осы қылмыстық іс бойынша Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданы Қысық-Камыш ауылында туып-өскен күдікті, 28.09.1970 ж.т., Башанов Жандарбек Амангельдиевичтің іс- әрекетін ҚР ҚК-нің 405-бабы 2-бөлігі бойынша саралауды.

2. Осы қаулы көшірмесін қадағалаушы прокурорға жолдауды.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлауды.

БҚО ПД ЖТг тергеушісі полиция
майоры

Жусупкалиев Т.К.

ҚР ҚПК-нің 64-баптарына күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; 8) айғақ беруден бас тартуға; 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; 10) дәлелдемелерді ұсынуға; 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге; 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға; 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-нің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; 21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; 22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; 23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; 24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

ҚР ҚПК 206 бабына сәйкес осы қаулы маған жарияланды, күдіктінің мәні және күдіктінің құқықтары түсіндірілді. Қаулының көшірмесін алдым.

Құжатты дайындады және қол қойды: Жусупкалиев Т.К., 19.05.2023 жылы 11:14 (Астана қ. уақыты бойынша), atol@kqr.kz
Құжатты келісілді: ЕГІЗБАЕВ К.К., 19.05.2023 жылы 11:22 (Астана қ. уақыты бойынша), egdi@kqr.kz

«Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізлімі» АЖ

Құжатты дайындады және қол қойды: Жусупкалиев Т.К., 19.05.2023 жылы 11:14 (Астана қ. уақыты бойынша), erdar@korp.kz
Құжатты келісілді: ЕГІЗБАЕВ К.К., 19.05.2023 жылы 11:22 (Астана қ. уақыты бойынша), erdar@korp.kz

Күдікті:

19.05.2023

Башанов Ж.А.

Қорғаушы:

19.05.2023

Б.Имашев

Қаулыны жарияланды:

**БҚО ПД ЖТг тергеушісі полиция
майоры**

Жусупкалиев Т.К.



QR-код ЭЦК қойылған PDF-форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күні мен уақытты қамтиды

«Сотқа дейінгі тергеудің Бірыңғай тізілімі» АЖ